



KASE АПТАЛЫҒЫ

03—07 Тамыз, 2026

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- ▲ KASE ресми тізіміне Asia Minerals Resource SPC Limited арнайы мақсаттағы компаниясының сукук "Әл-Вакала" исламдық бағалы қағаздарының [екі шығарылымы](#), "Интергаз Орталық Азия" АҚ [KZ2C00019172](#) (INCAp24) және [KZ2C00019180](#) (INCAp25) облигациялары, "QARABULAQ GOLD" ЖШС [KZ2P00019078](#) (QGLDb1) облигациялары, "TRANZIT TRANS LOGISTICS" ЖШС [KZ2P00019052](#) (TTLsb2) және [KZ2P00019102](#) (TTLsb3) облигациялары, Teniz Capital Wealth Management Ltd. жеке компаниясының [KZQ000000967](#) (TCWMor1) және [KZ2D00018488](#) (TCWMrp1) облигациялары, жергілікті атқарушы органдар облигацияларының [10 шығарылымы](#) енгізілді.
- ▲ KASE-де облигациялармен "Лизинг Групп" АҚ [KZ2C00018810](#) (LZGRb20), "QARABULAQ GOLD" ЖШС [KZ2P00019078](#) (QGLDb1), Asia Minerals Resource SPC Limited арнайы мақсаттағы компаниясының [KZX000005764](#) (AMRLs1) және [KZQ000000546](#) (AMRLs2) сукук "Әл-Вакала" исламдық бағалы қағаздарымен сауда-саттық ашылды.
- ▲ KASE-де [үш](#) атаудағы жай акциялармен, Еуропалық инвестициялық банктің [US298785JT41](#) (EIB_e1) халықаралық облигацияларымен, [екі](#) атаудағы бағалы қағаздармен сауда-саттық тоқтатылды.
- ▲ KASE де жеті атаудағы ETF сауда саттығы [ұзартылды](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ екі атаудағы облигациялар бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін [берді](#).
- ▲ "Alatau City Invest" АҚ-на "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ [KZ1C00001619](#) (KZAP) жай акциялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі берілді.
- ▲ "BCC Invest" АҚ-на "Сейф-Ломбард" ЖШС екі атаудағы облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ▲ Қазақстан Қаржы министрлігі 59,0 млн МЕОКАМ [KZK200000786](#) (MOM060_0056), 52,5 млн МЕТИСКАМ [KZKF00000038](#) (MTC084_0001), 60,0 млн МЕУКАМ [KZKD00000725](#) (MUM300_0001), 450,5 млн МЕККАМ [KZK100000449](#) (MKM012_0163) орналастырды.
- ▲ "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00018810 (LZGRb20) облигацияларын KASE-де орналастыру арқылы \$101,0 мың [тартты](#).
- ▲ "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00015188 (KFUSb113) екі жылдық облигацияларын KASE-ге орналастыра отырып, 9,5 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ XS3032932645 (BRKZe18) халықаралық облигацияларын KASE-де жазылым арқылы қосымша орналастыра отырып, \$12,2 млн [тартты](#).
- ▲ 10 облыстың әкімдіктері 16,8 млрд KZT [тартты](#).
- ▲ "Home Credit Bank" АҚ ("Forte Bank" АҚ ЕБ) KZ2C00017473 (HCBNb23) облигацияларын орналастыру арқылы 2,0 млрд KZT [тартты](#).
- ▲ "Home Credit Bank" АҚ ("Forte Bank" АҚ ЕБ) KZ2C00017515 (HCBNb28) облигацияларын орналастыру арқылы 1,7 млрд KZT [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ 18 тамызда 2026 жылдың бірінші жартыжылдығы мен екінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерді жариялау бойынша "Қазақстан Халық Банкі" АҚ конференциясы [өтеді](#).
- ▲ "Эйр Астана" АҚ 2026 жылдың 30 маусымында аяқталған екінші тоқсан мен алты айдың нәтижелерін [хабарлайды](#).
- ▲ "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KZ2C00003648 (BRKZb5) облигацияларын [өтеді](#).
- ▲ "Pincraft Resources" АҚ акционерлері қоғамның жай акциялары бойынша 2025 жылға дивидендтер төлемеу туралы шешім [қабылдады](#).
- ▲ "Кселл" АҚ 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелерін хабарлады.

07.08.2026


KASE Индексі	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
	7 897,11	1,1	3,3
NVIDIA Corp.	222,3	11,9	12,4
Intel Corporation	101,4	9,6	- 9,4
Microsoft Corporation	501,3	8,9	28,4
Tesla, Inc.	331,9	6,9	- 18,8
Pfizer Inc.	26,4	5,1	9,7
АО "ForteBank"	10,5	4,9	0,8
АО "Казактелеком"	44 650,0	3,7	10,5
PayPal Holdings Inc.	59,0	3,7	30,2
Apple Inc.	312,3	3,6	0,2
AT&T Inc.	23,8	2,6	13,2
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	32 611,0	2,3	- 3,5
АО "Народный Банк Казахстана"	390,0	1,7	6,9
Bank of America Corporation	63,0	1,7	4,3
АО Kaspi.kz	42 500,0	1,7	0,9
АО "Кселл"	3 249,2	1,1	0,8
АО "KEGOC"	1 455,8	1,0	0,8
АО "Банк ЦентрКредит"	4 831,9	0,6	6,9
АО "Эйр Астана"	699,8	0,6	5,0
АО "KM GOLD"	59,3	- 0,2	0,5
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	34 692,0	- 0,2	1,0
Freedom Holding Corp.	152,5	- 0,4	1,6
АО "КазТрансОйл"	1 111,0	- 0,9	- 3,0
Advanced Micro Devices, Inc.	481,5	- 1,8	- 7,6

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




KASE индексі 7 897,11 тармаққа жетіп, өсуін жалғастырды. Ең үздік динамиканы "Қазақтелеком" АҚ акциялары көрсетеді, олар бағасына 3,7% қосты. Қаржы секторы өкілдерінің акциялары жасыл аймақта бір аптаға жабылды: Kaspi.kz АҚ және "Қазақстан Халық Банкі" АҚ акциялары 1,7 %-ға, "Банк ЦентрКредит" АҚ – 1 %-дан аз өсті. Бұдан басқа, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ 18 тамызда 2026 жылдың бірінші жартыжылдығы мен екінші тоқсанындағы аудиттелмеген шоғырландырылған қаржылық нәтижелер жарияланатынын хабарлады.

"Эйр Астана" АҚ акциялары апта қорытындысы бойынша 0,6 %-ға қымбаттады. Компания 2026 жылдың бірінші жартыжылдығы мен екінші тоқсанындағы нәтижелерін жариялады, оған сәйкес аталған кезеңдегі жалпы пайда мен басқа кірістер 16,1 %-ға өсіп, 763,9 миллион АҚШ долларын құрады. Бұл ретте шығындар тарапынан қысымның сақталуы EBITDAR көрсеткішінің 9,7 %-ға 141,7 млн АҚШ долларына дейін төмендеуіне әкелді. Компания шығындардың өсуін жанар-жағар май бағасы тарапынан жалғасып жатқан қысыммен, персоналға жұмсалатын шығындардың ұлғаюымен, әуе кемелеріне иелік етумен, техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен, сондай-ақ қазақстандық теңгенің АҚШ долларына қатысты 7 %-ға нығаюының әсерімен түсіндірді.


Мұнай бағасының төмендеуі аясында мұнай-газ секторының қағаздары ең әлсіз динамиканы көрсетті: "ҚазТрансОйл" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ тиісінше бағасынан 0,9 % және 0,2 % жоғалтты.

Ақша нарығында бір күндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 15,77 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 12,29 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Шілде айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 473,81 теңгеге дейін 1,3%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 369 млн АҚШ долларынан 389 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 8,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Биржа нарығында Ұлттық қордан сатылған валюта көлемі шілде айында 200 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 2,3%-ын немесе күніне шамамен 9 млн АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар, республикалық бюджетке трансферттер бөлу мақсатында Ұлттық Банк шілде айында Ұлттық қордан 500 млн АҚШ долларын сатып алды, олар Ұлттық қормен операцияларды теңестіру шеңберінде ішкі валюта нарығында 2026 жылдың соңына дейін біркелкі сатылатын болады.

Тамыз айында Ұлттық Банктің биржа нарығында Ұлттық қордан валюта сату көлемі 200 млн АҚШ долларынан бастап 300 млн АҚШ долларына дейінгі көлемді құрайды.

Шілде айында теңестіру операциялары шеңберінде шамамен 374 млрд теңге алынды. Тамыз бойы осы мақсатта 374 млрд теңге баламасында валюта сату күтілуде.

Ұлттық Банк Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ теңестіру тетігін іске асыру барысында нарықтық бейтараптық қағидатын сақтайды.


Ұлттық Банк шілде айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті түрде сату нормасы шеңберінде валюталық түсімді сату көлемі шамамен 195 млн АҚШ долларын құрады. Бұл норманың қолданылуы 2026 жылғы 15 шілдеден бастап тоқтатылды.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру мақсатында шілде айында биржадағы сауда-саттықта жалпы сомасы 375 млн АҚШ долларын немесе жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 4,4%-ын құраған шетел валютасын сатып алды.

Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.26)




Цена Δ 7д, % Δ 30д, % Δ 2026, %

—	GBPKZT	631,40	-0,82	-0,18	-7,38
—	USDKZT	469,93	-0,77	-0,76	-6,98
—	EURKZT	541,64	-0,56	0,18	-8,82
—	CNYKZT	69,65	-0,71	-0,10	-3,66
—	RUBKZT	5,71	-3,87	-7,13	-10,75

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	7 757,64	3,6	3,7	22,4	3,5
 Dow Jones	54 036,93	3,0	3,2	22,9	2,9
 PTC	874,64	-0,9	-4,5	-23,4	
 MMBБ	2 281,31	2,5	2,7	-20,7	
 Hang Seng	25 668,03	-0,8	6,1	2,3	-1,1
 SS CSI 300	4 694,44	2,3	-1,3	14,1	1,9
 Euro Stoxx 50	6 523,86	2,6	5,1	22,4	2,8
 FTSEuroFirst	7 314,50	1,5	4,0	22,0	1,5
 FTSE 100	10 901,09	0,3	3,9	19,8	0,5
 KASE	7 897,11	1,1	3,3	22,7	

Шикізат нарығы

07.08.2026

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	83,55	-7,3	7,1	25,8
Мұнай (WTI)	78,18	-7,7	6,3	22,4
Табиғи газ	2,66	-3,1	-17,1	-13,2
Мыс	659,10	1,9	8,9	49,8
Темір	705,00	-0,2	-4,7	-14,0
Алтын	4 341,56	7,3	6,5	27,8
Күміс	63,50	9,9	9,2	65,8
Астық	639,75	0,1	6,7	23,4

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
12.08 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (шілде)	USD	3,4%	3,5%
12.08 Шикі мұнай қоры	USD		2,479M
13.08 ЖІӨ (ж/ж) (2 тоқс.)	GBP		0,9%
13.08 Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (шілде)	USD	0,2%	-0,3%
13.08 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	202K	199K
14.08 Базалық бөлшек сауда-саттық индексі (а/а) (шілде)	USD	0,2%	-0,2%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	10,2%	01.08.26	10,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	61,8	01.07.26	67,3
Ақша базасы, млрд KZT	15 579,7	01.07.26	14 840,8
Ақша масса, млрд KZT	55 000,2	01.07.26	52 675,4


Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 позитивті	20.02.26	BBB-/A-3 позитивті
MOODY'S	Вaa1/тұрақты	01.10.25	Вaa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.